

**Түркістан облысы деңсаулық сақтау басқармасы  
Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау  
нәтижелерін алдын ала жария талқылау мақсатында өткізілген жиын**

**хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 20.06.2024 жыл

**Күн тәртібі:**

- 1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру.**
- 2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАНЫ талдау**
- 3. Түрлі мәселелер**

**Тындалды:**

Бірінші мәселе бойынша жұмыс тобының мүшесі Д.Тугельбаев: Ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады.

2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5- тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығына сәйкес Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2024 жылдың 17 мамыр 28 маусым күндері аралығында етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдардың тізбесін айқындау;
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету;
3. Бюджет және қаржы қаржатын игеру және бөлу;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты үйымдастыру;

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша Қазығұрт ауданы қоғамдық кеңесінің төрағасы Б.Абуов өз сөзінде талдамалық анықтамамен танысып шыққанын, ішінде орын алған тәуекелдерді жою және жемқорлыққа жол берілмеу үшін мекеме басшысы ашиқ әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысын құптарлық деп тапты. Осы мәселе бойынша сөзге қосылған жұмыс тобының мүшесі Д.Мадибеков анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар тиімді, сыйбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауга бағытталғанын, яғни дұрыс екендігін және жемқорлықпен қорес жүргізуін бірден бір шарты – ол таза әрі адаптация еткіншілікке атап өтті. Қоғамдық кеңес мүшесі Б.Абуов топ мүшелеріне сұрақ қойды: «Егер сіздер тексеру барысында қандай да бір жемқорлық фактісін анықтасаңыздар не істейсіздер? Бірден құзырлы мекемелерге хабарлама жасайсыздар ма? Жұмысшы топтың мүшесі Д.Мадибеков: «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жасалған талдау сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарауға ұсынылады, тиісті ҰСЫНЫМДАР жасалады; мысалы құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау, оларға сыйбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер енгізіледі, лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері нақтыланады, объектінің қызметіне бақылау жасалады. Сонымен қатар, құзіретті мемлекеттік органдар тарапынан шаралар қабылдауды көздеңген жағдайда оларға тиісті хаттар жіберіледі, бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады».

Қоғамдық ұйымның мүшесі және жария талқылау жиынына қатысушылар Қазығұрт аудандық орталық ауруханасында жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жанжақты танысты, жұмыс тобының жұмысын жақсы деп тапты.

#### Корытынды :

1. Қызметкерлер арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары сапалы түрде жүзеге асырылсын.
2. Ұжымның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін. Орындалуы кадр бөлімінің менгерушісі Н.Турлыбаевқа жүктелсін.
3. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет мекеменің әлеуметтік желідегі паракшаларына жариялансын.

Жиналыс төрағасы:  Д.Тугельбаев

Хатшы:  К.Алишева